

Психологиялық-педагогикалық қолдау  
қызметінің жұмысын ұйымдастыру туралы

&1.

«Білім беру ұйымдарында психологиялық –педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы негізінде және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін ұйымдастыру қағидаларына» және мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке дамуына қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балабақшада Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылсын.
2. Қызметтің негізгі мақсаттары:
  - Балалардың психологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дамуына жағдай жасау;
  - Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға түзету және қолдау көрсету;
  - Педагогтарға әдістемелік және психологиялық көмек көрсету;
  - Ата-аналарға баланың дамуы мен тәрбиесі бойынша кеңес беру.
3. Қызметтің құрамына:  
Шамшина Нургуль Мусаевна;  
Бекенова Гулим Жулжановна;  
Аширова Ляззат Молдағалиевна енгізілсін.
4. Қызметтің жұмыс бағыттары:
  - Балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау;
  - Топтық және жеке түзету-дамыту сабақтарын өткізу;
  - Ата-аналарға және педагогтарға арналған тренингтер, семинарлар ұйымдастыру;
  - Баланың даму динамикасын бақылау және құжаттандыру.
5. Жауапты мамандар қызмет жұмысын арнайы жоспар мен күнтізбелік кестеге сәйкес жүргізісін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының меңгерушісі:  Л. Б. Курманова.

